

## Инвестициялық салық преференцияларының қолданылу мерзімдерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 тамыздағы N 771 Қаулысы

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңы 14-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қуаттылығы 127 МВт болатын газ турбиналық электр станциясының құрылысы" инвестициялық жобасы бойынша "Қандыағаш ГТЭС-100" акционерлік қоғамына берілетін инвестициялық салық преференцияларының мынадай қолданылу мерзімдері белгіленсін:

1) корпоративтік табыс салығы бойынша - тіркелген активтерді пайдалануға іске қосқан сәттен бастап 10 (он) жыл;

2) мүлік салығы бойынша - тіркелген активтерді пайдалануға іске қосқан сәттен бастап 5 (бес) жыл.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*